

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№7
(877)

Бейсенбі, 19 ақпан 2015 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесі мүшелерінің ҮНДЕУІ

(Қазақстан халқы Ассамблеясының мүшелері депутаттық топқа Парламент Мәжілісінде Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын мерзімінен бұрын өткізуге бастама көтеру туралы Үндеу жолдады).



Біз, Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесі мүшелері, болашаққа деген жауапкершілігімізді сезіне отырып, Қазақстан Республикасының Президенті, Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың жақтастары әрі Отанымыздың патриоттары ретінде халыққа үндеу жолдаймыз.

Қазақстан халқы Ассамблеясына Қазақстан Республикасы Президентінің мерзімінен бұрын сайлауын өткізу туралы бастама көтеріп, еліміздің барлық өңірлерінен көптеген азаматтар хабарласуда.

Қазақстан халқы Ассамблеясы осы маңызды мәселе бойынша ұстанымын білдіруді өзінің азаматтық борышы деп санайды.

Әлемдік экономикалық дағдарыс пен күрделі жағдай орын алып отырған тұста сайлау өткізу туралы жалпыхалықтық бастаманың көтерілуі уақыт талабы болып табылады.

Жаһандық сын-қатерлер кезеңінде еліміздің Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа Қазақстанда дағдарыстан алып шығуына мүмкіндік беретін жаңа сенім мандаты берілуі қажет.

Әлемде тұрақсыздық орын алған жаңа әрі күрделі кезеңде еліміз стратегиялық бағытынан айнымай, Қазақстанды жаңғырту және дүние жүзінің озық 30 елінің қатарына енуі үшін Елбасы Н.Ә.Назарбаевқа сенім білдіру қажет.

Сонымен қатар Елбасына сенім мандатын білдіру арқылы әлемдік дамудың жаңа кезеңінде халқымызды біріктіріп, мемлекетті дамытудағы маңызды мәселелерге ден қоюға мүмкіндік аламыз.

Бүгінде «Нұрлы Жол — болашаққа бастар жол» бағдарламасын және «Қазақстан-2050» ұзақ мерзімді Стратегиясын жүзеге асыру үшін бар күш-жігерімізді біріктіру керек.

Мемлекет басшысы жүргізіп отырған саясат төңірегінде топтасу арқылы еліміздің одан әрі қарқынды дамуы мен азаматтардың әл-ауқатын арттыруға қол жеткізе алатынымызға сенімдіміз.

Сондықтан осы күрделі заманда біз барша қазақстандықтарды Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың төңірегінде топтасуға шақырамыз.

Президенттік сайлауды мерзімінен бұрын өткізу арқылы экономика өсімін нығайту, жүргізіліп отырған саясаттың сабақтастығын қамтамасыз ету маңызды. Бұл бастамаға шын мәнінде басқа балама жоқ.

Сонымен бірге ендігі 2016 жылы президенттік және парламенттік сайлаулар бір мезгілге сәйкес келеді. Конституция нормаларын бұлжытпай орындау мақсатында екі сайлауды әртүрлі кезеңдерде өткізген жөн.

Қазақстан халқы Ассамблеясы Отанымыздың орнықты дамуы мен алға жылжуына бағытталған бастамаларды қашанда қолдап келді және болашақта да солай бола бермек.

Осы жалпыхалықтық бастаманы көтере отырып, қазақстандықтар тарапынан да, халықаралық қауымдастық тарапынан да қолдауға ие боламыз деген сенімдеміз, өйткені біз халқымыз бен еліміздің биік мүддесін көздеп отырмыз.

Тәуелсіздігіміз мәңгі болғай!

Қазақстан жылдан жылға гүлденіп, әлемнің белді әрі беделді мемлекетіне айнала берсін!

Біз, Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесі мүшелері, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының депутаттар тобына Қазақстан Республикасы Президентінің мерзімінен бұрын сайлауын өткізу туралы бастама көтерсін деп үндеу жолдаймыз.

Қазақстандықтар әлемнің ең озық отыз экономикасы қатарына енуге мүмкіндік беретін «Қазақстан-2050» Стратегиясын жалғастыруды қалайды!

Қазақстандықтар «Нұрлы Жол — болашаққа бастар жол» бағдарламасын қолдайды!

Қазақстандықтар ішкі саяси тұрақтылықты нығайтуды, одан әрі дамуды қалайды!

Біз барша Қазақстан халқы, саяси партияларды, азаматтық секторды және еліміздің патриоттарын Қазақстан Республикасы Президентінің мерзімінен бұрын сайлауын өткізу туралы бастаманы қолдауға шақырамыз!

Астана, 2015 жылғы 14 ақпан.

Ұлы Жеңіске — 70 жыл

МАЙДАНГЕРЛЕРІМ ЕРЛІГІҢЕ МАҚТАНАМ...



Биыл адамзат тарихындағы ең жойқын соғыстың Ұлы Жеңіспен аяқталғанына 70 жыл толмақшы. Бұл мерекені жыл бойы атап өткеннің еш артықшылығы жоқ. Себебі, бұл Жеңіс — ерекше Жеңіс болды. Уақыттың шапшаңдығына бір мысал — осы

болар. Майдангерлер үшін бәрі күні кеше сияқты. Бірақ уақытты кім тоқтатқан? Ол мәңгі алға зулай бермек. Сол жылы туған сәбилер — ата-әже атанса, ал соғыстың соңғы солдаттары болған ұыздай жап-жас жігіттер 90 жастан асып отыр.

Солардың бірі Айыртау орман шаруашылығы ауылының тұрғыны, «I дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденінің, «Жауынгерлік ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Ерлігі үшін» және

көптеген мерекелік медальдардың иегері Александр Федорович Греков 18 ақпанда 92 жасқа толды.



Александр Греков 1923 жылы 18 ақпанда Липецк облысы Задонский ауданына қарасты Виктория ауылында дүниеге келген. 3 сыныпты бітіргеннен кейін туған ауылында тарақторшы болып жұмыс істейді.

Ұлы Отан соғысы басталғанда 17 жастағы Александр Федорович

тылдағы еңбек майданына араласады.

1943 жылдың 17 шілдесінде 20 жасар балаң жігіт әскер қатарына шақырылады. Ең алдымен сол жылы Александр Греков екінші Украин майданына қарасты Ковеле қаласында әскери міндетін өтеп жүріп ауыр жараланады. Майданда жараланғандар санитарлық поездбен Киев қаласына жөнелтіледі. Сол поезддің ішінде жаралы жауынгер Александр да болады. Жолда санитарлық поезд жаудың оқ астында қалады. Жаралы, әлсіреген жауынгерлер жақын маңдағы ауылға паналап, темір жолдың жөндеуші күтеді. Сонан соң Александр Федорович Киевтегі әскери госпитальда 10 күн болғаннан кейін, Уфа қаласында 5 ай жатып емделеді. Госпитальда жарақатынан айыққан соң қайта қатарға оралады. Ол Белорус майданының үшінші жаяу әскер ротасында жаумен кескілескен талай шайқастарға қатыса жүре екінші рет жараланады, госпитальда емделіп болған соң Венгрияның Будапешт қаласына жіберіледі. 1945 жылдың наурыз айында Балаш көлі маңындағы шайқаста Александр Греков үшінші мәрте жарақат алады. Жеңіс күнін Александр госпитальда қарсы алады. Соғыстан кейін Болгарияда әскери қызметін жалғастырып, 1948 жылы еліне оралады.

Тың жылдарында Александр Федорович Қазақстанға келіп, Айыртау орман шаруашылығында қызмет етеді. Қазақстанда сүйіктісімен отбасын құрып, балалы-шағалы болады.

Келесі кейіпкеріміз Саумалкөл ауылының тұрғыны, Ұлы Отан соғысының ардагері, «II дәрежелі Ұлы Отан соғысы», «Халықтар достығы» ордендерінің, «Ерлігі үшін», «Варшаваны алғаны үшін», «Берлинді алғаны үшін» және «Германияны жеңгені үшін», «Ерен еңбегі үшін» медальдарының иегері Қойшы Молдахметұлы Бейсембаев 23 ақпанда 91 жасқа толады.

Қойшы Бейсембаев 1924 жылы ақпанның 23 жұлдызында Айыртау ауданы Сарысай ауылында дүниеге келген.

Орта білім алған соң, тракторшылар курсынан аяқтағаннан кейін алғашқы еңбек жолын Ленин орденді «Каменноброд» колхозында механизатор болып бастайды. 1941 жылы соғыс оты бұрқ ете қалғанда, жас ұлан Қойшы Бейсембаев еңбек майданының ортасында еді.

Жігерлі жас жігіт 1942 жылдың қазан айында әскерге шақырылып, Қызылжар қаласындағы жасақталып жатқан оқу полкіне түсіп, сержанттық курстан бастайды.

1943 жылдың қаңтар айында қан бұланған соғысқа аттанып, маршал Г.К.Жуков қолбасшылық ететін Орел-Курск бағытында соғыс жүргізіп жатқан I Украин майданына түседі. Жаумен кескілесе шайқаса жүріп, соғыстағы ерліктері үшін «II дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденінің, «Ерлігі үшін», «Варшаваны алғаны үшін», «Берлинді алғаны үшін» және «Германияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталады.

Соғысты атақты Курск міндеті майданнан бастаған Қойшы ақсақал Ұлы Жеңіс күнін Берлинде қарсы алады. Қандықол фашизм ордасы тізе бүккеннен кейін де, Қойшы атай қызмет еткен батальон бірден елге қайтпай, Германия жерінде бейбітшілікті тұрақтандыру үшін соғыс ерті қайтадан тұтанып кетпеуі үшін қалдырылды.

1947 жылдың жазында туған елі Сарсайға оралған Қойшы ақсақал бірден бейбіт еңбек майданына араласып кетеді. Соғыстан кейінгі тұрмысты көтеруде, елдің әл-ауқатын нығайту жолында өлшеусіз үлесін қоса жүре, бейбіт еңбекте де биік белестерге жетіп, Ұлы Отан соғысының мерекелік медальдарымен «Халықтар достығы» орденімен және «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Қымбатты ардагерлерімізді біз де туған күндерімен құттықтап, зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, отбасының бақытын тілейміз!

Бағлан ҚОЖАҚОВ.

Біз - Жеңістің мұрагерлеріміз!



3 ақпан күні Астана қаласынан бастау алған 72-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының Жауынгерлік Туының көшірмесі «Біз - Жеңістің мұрагерлеріміз!» эстафетасы 11 ақпан күні аудан орталығы Саумалкөлге де келіп жетті.

1941 жылы 15 желтоқсанда Ақмола қаласында (қазіргі Астана қаласы) 29-шы атқыштар дивизиясы жасақталған соң, алғашқылардың бірі

болып майданға аттанған еді.

Сталинградтан Прагаға дейін 2850 шақырымдық жол жүріп, 721 елді мекенді, 13 ірі қаланы азат еткен, 16 өзінді кесіп өткен дивизия қандай да болса құрметке лайық екені сөзсіз.

Бұл Жауынгерлік Тумен Ұлы Отан соғысы басталған сәтте 29-шы дивизияның жауынгерлері жауға атойлап шауып, қан майданға кірген болатын.

Қазақстандық дивизия Сталинград үшін шайқасты. Осы орайда жауынгерлердің өшпес ерлігі мен Отан үшін отқа түсер қайсарлығына құрмет ретінде 29-шы атқыштар дивизиясына 1943 жылдың 1 наурызында 72-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы мәртебесі берілген болатын. Бөлімше Жеңісті Чехословакияда қарсы алды.

Өзінің жауынгерлік жорық жолында дивизия жеке құрамы ұрыстың тек алғы шебінен көрінуі көп нәрсені аңғартса керек. Бұл дивизияның жажуірлік ұландары «отқа күймес, суға батпас, бірегей» деп аталып, ерліктерінің майдан даласына аңыздай тарағаны да шындық.

Ұлы Отан соғысы жылдарында дивизияның 18 мыңнан астам офицері мен жауынгері орден, медальмен марапатталса, отыз бірі Кеңес Одағының Батыры атанған.

Ерлік ұрпаққа - ұран. Ол ешуақытта да ұмытылмақ емес. Гвардияшы-батырлардың жарқын бейнелері мен өлшеусіз батырлық істері ұрпақ есінде мәңгілік сақталмақ. Олар Отан үшін қызмет етудің, қажет кезінде туған ел мен жер үшін жан қиюдың жарқын үлгісі мен антқа адалдықты көрсетті.

Салтанатты жиын алдында Ұлы Отан соғысы жылдарында майдан даласында қаза тапқан жауынгерлерге арналған

Даңқ Монументіне аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров, Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланының «Орталық» өңірлік қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, полковник Мұрат Әбібаев, 5510 әскери бөлімнің жауынгерлері мен аудан жастары гүл себеттерін қойып, бір минут үнсіздікпен тағзым етті.

Ақан сері атындағы аудандық Мәдениет үйінде өткен жиында 72-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының Жауынгерлік Туының көшірмесін 5510 әскери бөлімнің сержанты Қайрат Мұратов, кіші сержанттар Медет Мұқашев пен Ержан Қалиевтер салтанатты түрде залға алып кірді.

Жиынға қатысқан Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланының «Орталық» өңірлік қолбасшысының тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі орынбасары, полковник Мұрат Маратұлы: «2014 жылы қараша айында, Мәскеу қаласының Ресей Қарулы Күштерінің Орталық мұражайында сақталып келген 72-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының Жауынгерлік Туының тура көшірмесі Қазақстаннан барған ресми делегацияға - «Ауған соғысы ардагерлері мен мүгедектерінің Одағы» қоғамдық ұйымының өкілдеріне берілген болатын.

2015 жылдың 10 қаңтарда - «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы» Заңға Президент қол қойылған күні, Ұлттық ұланның ұйымдастыруымен өткізілген гала-концертінде аталған 72-ші гвардиялық атқыштар дивизиясының Жауынгерлік Туының көшірмесін қастерлеп, сақтау үшін Астанадағы ұландық жедел бригадаға салтанатты түрде табыс етілді.

Айта кетейік, 92 тәулікке созылатын эстафета барысында 72-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы Жауынгерлік Туының көшірмесі 10 000 шақырымнан аса жерге тасымалданып, еліміздің 25 қаласында желбірейді. Ал 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына орай Елордада өткізілетін шеруде ұландықтар Жауынгерлік Туды алып шығуды жоспарлап отыр. Эстафета соңында Ту ел жүрегі - Астанаға қайтып оралып, жоғарыда атап өткеніміздей әскери шерудегі құрмет белгілерінің біріне айналмақшы» - дей келе, айыртаулықтарға аталмыш эстафетаны ұйымшылдықпен қарсы алғандарына шынайы алғысын жеткізді.

Жалғасы 2 бетте.

Байқау

«ЖЕҢІСҮШІН АТАМЫЗҒА МЫҢ АЛҒЫС!»



Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 70 жылдығына орай аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Армия Әбілқайыровтың кеңесімен аудандық «Айыртау таңы» және «Айыртауские зори» газеттерінің редакциясы аудан жастары арасында өздерінің аталары жайлы жазылған ең үздік материалдары (эссе, мақала, өлең) арасында байқау жарияланғанын естеніңізге салады.

Байқау ақпанның 10-ы мен сәуірдің 30-ы аралығында өткізіледі. Ең үздік жұмыстар аудандық газет беттеріне жарияланады, ал жеңімпаздар арнайы мадақтамалармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.

Байқау жұмыстарын мына мекен-жайға 150100, Айыртау ауданы, Саумалкөл ауылы, Конституция көшесі, 72 үй немесе газеттердің

электронды пошталарына жіберуге болады.

Жемқорлық орға жығады**ӘЛЕУМЕТТІК КЕСЕЛГЕ ҚАРСЫ ӘРЕКЕТ**

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының маңызды стратегиялық басым бағытының бірі.

Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өзінің «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесіне айрықша назар аударды. Аталған Жолдауда Елбасы: «Мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресетін бір күш болуға тиіс. Жемқорлық жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сөзіндей және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады. Біз түпкі мақсатымыз – жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті қатты күшейтуіміз керек», – деп атап көрсетті.

Президенттің бұл тапсырмасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қозғаушы күшіне айналды.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік жылдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес дәйекті де мақсаткерлікпен жүзеге асырылып келеді. Бұл орайда Қазақстан ТМД елдерінің ішінде алғашқылардың бірі болып «Сыбайлас жемқорлық туралы», «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдарды қабылдады. Сондай-ақ, Президент жанында сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері бойынша комиссия құрылды.

Елбасы өзінің «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында Үкіметке 2015 жылға арналған республикалық бюджет жобасындағы қажетті қаржылардың тиімді және оңтайлы пайдаланылуын қамтамасыз етуді тапсырды.

«Мен құрған комиссия қаржының тиімді жұмсалыну қатаң қадағалап, жеке өзіме баяндап отыратын болады. Әр теңге үшін қатаң сұрау болмақ. Барлық өкімдерге айрықша жауапкершілік жүктеледі. «Нұр Отан» осы жұмысқа белсенді араласып, барлық деңгейлерде қатаң бақылау орнатуы тиіс», – деп нақты тапсырма берді.

2008 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының жанында сыбайлас жемқорлыққа қарсы Конвенция бекітіліп, ол халықаралық деңгейде осынау әлеуметтік кеселмен күрестің мақсаттарын, негізгі ұстанымдары мен шараларын белгіледі. Соған орай елімізде ауқымды нормативтік-құқықтық негіз қаланды. Халықаралық сарапшылар Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалары дәйекті және ойландырылып қабылданығанын атап көрсетуде.

Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлықпен күресте халықаралық келісімшарттарды жүзеге асыру және тәжірибе алмасу мақсаттарында ТМД-ның және Еуропа елдерінің өкілетті органдарымен тығыз байланыс орнатқан.

Біздің еліміз Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес қауымдастығының (Пекин қаласы), Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (Париж қаласы) сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі іс-қимылының Стамбул бөлімшесінің және ТМД-ның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі мемлекетаралық кеңесінің мүшесі болып табылады.

Сонымен бірге Қазақстан 2014 жылдың 3 ақпанынан бастап 2010 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының жанынан құрылып, сыбайлас жемқорлықтың жолын кесуде озық тәжірибені тарататын орталықтың қызметін атқаратын сыбайлас жемқорлыққа қарсы Халықаралық академияның толыққанды мүшелігіне алынды.

Бұл кеселмен күресте бұрынғы жүзеге асырылған бағдарламалық құжаттардың нәтижелері сыбайлас жемқорлықтың одан әрі өршуіне тосқауыл қоятын тетіктерді қалыптастыруда дәйекті жұмыстар жүргізудің орынды екендігін көрсетті. Сыбайлас жемқорлық бизнесті жүргізудің экономикалық және қаржылық негіздерін құртады, мемлекеттік басқарудың тиімділігін кемітеді, инвестицияларды ынталандырмайды, экономикалық дамуды тұсайды, әлеуметтік теңсіздікті тудырады.

Осы орайда мемлекеттің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын одан әрі айқындау мақсатында Елбасының 2014 жылғы 26 желтоқсандағы Жарлығымен 2015-2025 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия бекітілді.

Бұл құжатта таяудағы онжылдықта сыбайлас жемқорлықтың деңгейін келіме, мемлекет пен қоғам өмірінің түрлі салаларында оны тудыратын себеп-салдарларды жоя алатын кешенді алдын алу шаралары басшылыққа алынады. Бұл ретте сыбайлас жемқорлықтың салдарларымен күресуден гөрі, оның алғы шарттарын жоюға күш салынады.

Осылайша бүгінгі таңда жаңа Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияны жүзеге асыру мемлекеттік аппарат пен жұртшылықтың аса маңызды міндеті



болып табылады.

Стратегияның өзекті бағыттары, негізгі қағидалары мен басым шаралары – мемлекеттік қызмет жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, қоғамдық бақылау институтын енгізу, қоғамдық емес және жеке секторларда оған қарсы әрекет, сот және құқық қорғау органдарында алдын алу, осы кеселмен күрес мәдениетін қалыптастыру, бұл істегі халықаралық ынтымақтастықты дамыту, стратегияны жүзеге асырудың мониторингін жасау.

Бұдан былай мемлекеттік қызметшілерге кірістерін ғана емес, шығындарын да жариялау міндеті жүктелетін болады.

Мемлекеттік сатып алу жүйесін одан әрі жетілдіру, мемлекеттік органдардың да, сондай-ақ қоғамдық емес және жеке секторлар субъектілерінің тұрғындарға көрсеткен қызметтеріне де барынша ашықтықты қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жалғасын табады.

Қамтамасыз ету және құқық тәртібі жүйесінде әділ сотқа еркін қол жеткізуді қамтамасыз ету, сот және құқық қорғау органдарының кадр саясатында конкурстық іріктеу тетіктері мен ең лайықтыларға жол беру ұстанымдарын енгізу бойынша шаралар шоғыры көзделген.

Бұл ыңғайда аталған органдардың жұмысында, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда қылмыстардың және құқық бұзушылықтардың алдын алуға басымдық беріледі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет деңгейін қалыптастыру оқу орындарында, мемлекеттік органдарда, тұрғындар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес курстарын ашып, жан-жақты оқыту, осы кеселге қарсы мемлекет қабылдап отырған шараларды жариялауға бұқаралық ақпарат құралдарын тарту арқылы жүзеге асырылатын болады.

Стратегияда қарастырылған шаралар міндетті мониторингпен оның екі түрі арқылы жүзеге асырылады. Біріншісі – ішкі мониторинг, оны шараны тікелей орындаушы жүргізеді, екіншісі – сыртқы мониторинг, оны арнайы құрылған топ орындайды. Бұл топқа тиісті мемлекеттік органдардың, жұртшылықтың және бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді.

Шаралардың орындалуының барысы туралы есептер жұртшылыққа жарияланып отырады.

Оңтүстік-шығыс елдерінің, соның ішінде Сингапурдың таңдаулы озық тәжірибесі бойынша Мемлекеттік қызмет істері бойынша және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі құрылды.

Жаңадан құрылған мемлекеттік орган үшін ескерту-алдын алу қызметі басым бағыт болып табылатынын атам айтқым келеді. Мемлекеттік қызмет істері бойынша және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаменті қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті мақсаткерлікпен жүргізе отырып, оған нағыз теріс көзқарасты қалыптастырады.

Департамент қызметінің басым бағыттарына сәйкес мемлекеттік қызметшілер тарапынан бизнеске заңсыз килігудің жолын кесу бойынша жұмыс жүргізілуде.

Атап айтқанда, кәсіпкерлік субъектілерін тексеруге мораторийдің аяқталуына байланысты облыстың бақылау-қадағалау органдарының басшыларына заңсыз тексерістерге жол берілмейтіні туралы хаттар жіберілді.

Облыстық деңгейде тұңғыш рет «СҚО бизнестің қорғау» (www.zashita-msb.kz), «СҚО сыбайлас жемқорлыққа қарсы форум алаңы» (www.stop-korruptsiya.kz) сайттары іске қосылып, әлеуметтік желілерде және бейнепорталдарда тұрақты негізде жұмыстар жүргізілуде. Аталған сайттар өңір кәсіпкерлерінің департамент басшысына тікелей хабарласуына, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша тұрғындармен кері байланыс жасауға және облыста сыбайлас жемқорлық көріністерін анықтауға арналған.

Департаменттің атап көрсетуі бойынша өкілгершілік кедергілерді жоюда

бір кәсіпкердің құқығы қорғалды және Петропавл қаласы әкімінің өкімімен сәулет және қала құрылысы бөлімі басшысының міндетін атқарушы тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Біздің жұмысымыздың маңызды бір бағыты – жұртшылықты сыбайлас жемқорлықпен күреске тарту. Атап айтқанда, Халықаралық сыбайлас жемқорлықпен күрес күніне арналып «Жастар форумы» өткізілді. Оған студенттер, жастар ұйымдары, «Жас Отан» жастар қанаты, өкімдіктердің, құқық қорғау және сот жүйесінің, «Нұр Отан» партиясының өкілдері қатысты.

Аталған стратегияны жүзеге асыру мақсатында департамент жастар ұйымдарымен меморандумға қол қойды. Бұл құжат тұрғындардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарасты қалыптастыру бойынша бірлескен шараларды өткізуді көздейді.

Сондай-ақ, департамент жанында қоғамдық кеңес құрылып, оның құрамы мен ережесі бекітілді. Кеңеске қоғам қайраткерлері, депутаттар және үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері кірді.

Департамент рейдтер жүргізіп, мемлекеттік қызметшілердің қызметтен тыс уақыттарда қызмет көліктерін пайдалануының фактілерін анықтады. Мұндай шаралар тұрақты жүргізіліп тұратын болады.

Департаменттің тәртіп бұзушылықты тексеру қызметіне келер болсақ, бұл қолға алынған кезден бастап Тәртіптік кеңестің екі отырысы өткізіліп, оларда 10 іс қаралды. Отырыстың қорытындылары бойынша 7 адамдық қызметінен босатуға ұсыныс жасалды, 2 адамға қызметіне толық сай еместігі ескертілді, 1 адамға қатаң сөгіс жарияланды.

2014 жылда барлығы 12 отырыс өтті. 42 адамға жаза қолдануға, соның ішінде 16 адамды сыбайлас жемқорлық фактісі бойынша қызметінен шығаруға және 17 адамға қызметіне толық сай еместігі үшін ескерту жасауға, 6 адамға Ар-намыс кодексінен бұзғаны үшін сөгіс беруге және 1 адамға ескерту жариялауға ұсыныс жасалды.

Көп ретте мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық бойынша құқық бұзуы мемлекеттік сатып алуларда, қаржы тәртібін сақтауда өздерінің материалдық мүдделерін көздеп, лауазымдық өкілеттіктерін пайдалана отырып, нормативтерді сақтамауына байланысты болады.

Департамент мемлекеттік сатып алу жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды қолдану мақсатында үстіміздегі жылдың 28 қаңтарында облыстық өкімдіктің, прокуратураның, қаржы бақылаудың лауазымды тұлғаларының, мемлекеттік сатып алу жүйесі, кәсіпкерлер палатасының және басқа шаруашылық субъектілерінің басшыларының қатысуымен семинар-кеңес өткізді. Проблемаарды зерттеу, сондай-ақ, ұсыныстарды жасап, шешімдер қабылдау мақсатында тұрақты үнқатысуды ұйымдастыру көзделуде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы департамент жүргізіп отырған шаралар кешені жұртшылықтың кеңінен қатысуымен өткізілуге тиіс. Өйткені, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді болуы үшін онымен күреске мемлекеттік аппарат қана емес, сонымен бірге барша жұртшылық тартылуы керек.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегия көздеп отырған қоғамдық бақылауды енгізу бұл кеселдің алдын алуда ықпалды тетік болып табылады.

Тұрғындар сыбайлас жемқорлықтың қоғамға келтіретін зиянын, оған жол бергендердің қандай жауапкершілікке тартылатынын біліп отыруы керек.

Әділбек МҰҚАШЕВ,
Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті басшысының орынбасары – Тәртіптік кеңестің төрағасы.

Қоғам және заң**БИЗНЕСТІҢ БӘСЕКЕЛЕСТІК ҚАБІЛЕТІН АРТЫРУ**

Сіздердің білуіңше, жылдың аяғы, құқық көзқарасы тұрғысынан, кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту бойынша өзгертулер мен толықтырулар туралы аса маңызды заңның қабылдауымен есте қалды. Бұл түбегейлі шаралар еді.

Бүгінгі Қазақстанның жағдайын ескере отырып, осы заңнамалық актінің қабылдауы маңызды зор. Осы ретте, бұл жеке заңнамалық акт емес. Бұл кәсіпкерлік қызмет жағдайын жақсартатын немесе оңтайландыратын 11 кодекске, 94 заңға және әр түрлі нормаларға өзгерістердің енгізуі болып саналады. Қатаң нарықтық бәсекелестік жағдайда қазақстандық бизнестің бәсекелестік қабілетін арттыру мақсаты қойылатын еді. Мемлекеттік реттеу және жеке кәсіпкерлік үдерісінің деңгейін азайту қажет. Осыған байланысты, кәсіпкерлік қызмет субъектілерге қойылатын талаптардың санын барынша азайту қажет еді. Жаңа заңды әзірлеу бойынша жұмысы бір жылға созылып, өңірлік палата оған белсенді қатысқан болатын.

Ойға салып көріңіз, заңнамалық актілерден орындалмауынан жауапкершілікке тартатын заң талаптар жойылды. 5 228 талаптардың 1 810, немесе жалпы санның 34,6% азайтылды. Рұқсат беру құжаттардың 35 күшін жойды. ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы Елбасы тапсырмасын орындау мақсатында бизнес дамуына кедергі болатын нормалардың күшін жою үшін заңнаманы қайта қарастырды. Жоғарыда көрсетілген Ұлттық палата тексерістің шеңберінде Өңірлік кәсіпкерлер палатасының ұсыныстары мен өкімшілік кедергілері бойынша кәсіпкерлік субъектілер арыздардың негізінде бизнестің дамуына кедергі болатын, жігерсіз нормаларды шығаруына бағытталған 410 түзетулер әзірленіп, оның 239 рұқсат беру жүйесін жетілдіру жөніндегі Мекемеаралық комиссиямен мақұлданған. Оның ішінде:

1) заңнамалық актілерге 170 түзетулер;

2) заңға сәйкес актілерге 69 түзетулер. Заңнамалық актілерге 170 мақұлданған түзетулердің 114 кәсіпкерлік қызмет үшін жағдайды түбегейлі жақсарту сұрақтары бойынша заң жобасына енгізілген.

Осы уақытта ҚР Премьер-Министр тапсырмасы бойынша қолданыстағы заңнамға осы өзгертулерді соңынан енгізу мақсатында Заңға сәйкес актілерге 69 түзетулер мемлекеттік органдар пысықтауда.

Бұл не үшін керек? Бүгін бизнес жүргізуге не кедергі болып тұр? Тапдай көрсеткендей, кәсіпкерлік қызмет субъектілерге кедергі болатын бәсекелестік және оның құзырет деңгейі емес, дегенмен бұл маңызды мәселе. Бейөндірістік шығындар кәсіпкерлік қызмет субъектілерге кедергі болып, өнімнің қымбаттауына, бизнестің қымбаттауына әкеліп соқтырады. Бейөндірістік шығындар – бұл артық бақылау, артық талаптар, рұқсаттамалар және тағы басқа рұқсат беру рәсімдер. Бұл заңымызда ескертілген, және де біз бірсыпыра қажет емес рәсімдерден құтылық.

Баршамызға мәлім, жер қарым-қатынас саласындағы кәсіпкерлер үшін ең маңызды мәселелердің бірі бұл жер телімінің нысаналы мақсатын өзгертуі болып табылады. Барлық құжаттарды сәйкес қалпына келтіру үшін шексіз күш пен уақыт жұмсау керек еді. Осы уақыттан бастап осы рәсімді оңтайландырған болатын. Егер сіз дүкен немесе кафе иесі болсаңыз және өз бизнестің бағытын өзгеруіңіз келсе, мысалға шаштараз қызмет көрсету, онда сізге ешқандай рұқсаттамалар керек болмайды. Енді елді мекен жерлері 4 функционалдық аймақтарға (тұрғын, әлеуметтік, коммерциялық және басқа) бөлінген. Оған сәйкес жер телімінің нысаналы мақсаты анықталып, бір функционалдық аймақ шеңберінде жер телімінің қолданылуы нысаналы мақсатты өзгертуін қажет етпейді.

Мәңсіз сұрақтардың бірі монополия саласына тиді, нақтылай айтқанда, қосымша қуатты қосу жөнінде сұрақ. Айқын емес қосылу тәртібі, бос қуат туралы мәліметтің жоқтығы кәсіпкерлер үшін кейбір қиындықтар мен қаржылық шығындарға әкеліп соқтырды. Заңның жаңа ережелері табиғи монополия субъектілеріне бос және қол жетімді қуат, сыйымдылық, орын, инженерлік коммуни-

кациялар схемалар бойынша электрондық дерекқорды жүргізу, және де сауал бойынша инженерлік коммуникациялар туралы мәлімет беру міндетін жүктейді.

Түбегейлі өзгерістер басқа да салаларға тиді. Мысалға, салық салу саласында аудиторлық ұйымның тұжырымы негізінде салық төлеушілерді ерікті түрде таратудың оңайлатылған тәртіп енгізілуде; салық төлеуші өтініштің негізінде ҚҚС және акциз төлеу мерзімін ұзарту бойынша норма енгізілді.

Өзгерістер экологиялық реттеу саласына да тиді.

Осылайша, I, II и және III категориялы объектілер үшін ластанушы заттардың ең жоғары ұйғарынды шығару мен тастау, өндіріс пен тұтыну қалдықтарды нормативті орналастыру бойынша қолдану мерзімі ұзартылып, 10 күнтізбелік жыл құрайды, ал IV категориялы объектілер үшін мерзімсіз болып табылады. Сонымен қатар, мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы қолдану мерзімі I, II и және III категориялы объектілер үшін 10 жылға дейін ұзартылды, ал IV категориялы объектілер үшін мерзімсіз беріледі. IV категориялы объектілер үшін қоршаған орта эмиссияларға рұқсат алу бойынша талап жойылды. Сонымен қатар, I, II и және III категориялы объектілердің қоршаған орта эмиссияға рұқсат беру үшін құжаттар тізімінен өндірістің экологиялық бақылау бағдарламасы шығарылды.

Осы жылдан бастап ҚР салық заңнамасына сәйкес біріңғайгер салығының төлеушілер болып табылатын табиғат пайдаланушылар шаруа қожалығы мен фермерлік шаруашылығы үшін арнайы салық режимі салынатын қолданыстағы объектілер бойынша қоршаған орта эмиссияларға рұқсат алудан босатылады. Эпидемиялық маңызы жоғары объектілерді салу және қайта құру жағдайда талап ететін тек санитарлық-эпидемиологиялық сараптамаға сәйкес жаңа қағиданың енгізілуі маңызы зор. Қалдықтардың қауіптілігі деңгейінің аяқталуына және негізінде қауіпті қалдықтардың сыныптамасы тиісті қалпына келді.

Құрылыс саласында қабылдау комиссиялар институты шығарылып, құрылыстың әр қатысушының дербес жауапкершілігі енгізілді. Мемлекеттік монополияға қатысты сараптау қызмет объектілердің бір бөлігі бәсекелі ортаға берілді, және де жобаларға сараптама жасау үшін «бір терезе» қағидасы енгізілді. Алғашқы рет жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамасы бойынша жүргізілетін құрылыс үдерісіндегі жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамасын әзірлеген ұйымның және оң қорытындысын берген сарапшысының жауапкершілігі енгізілді. Осы уақытта құрылыс объектілерді жобалайтын және жобаларға сараптама жүргізетін ұйымдар олардың төмен сапасына жауапты болмайды.

Тексерістерге келсек, Қазақстанда бүкіл бизнес қызметі және бақылаудың түрлері 4 категорияға бөлінген.

Бақылаудың бірінші категориясы – бұл тексерістердің ерекше тәртібі. Оған ерекше қауіпті қызмет түрлері жатады – адам өмірі мен денсаулығын сақтау, қоршаған ортаны қорғау, ұлттық қауіпсіздік. Осындай тексерістердің тәртібі жоспарлы категорияға жатпай, атомдық энергетика, есірткі және қару айналысы саласында, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау объектілерде, өнеркәсіп қауіпсіздік саласында (химиялық, металлургиялық өнеркәсіп және т.б.) өткізіледі.

Екінші категория – бұл іріктемелі тексерістер. Ол тәуекелдерді бағалау жүйесіне сәйкес тағдау жасауды талап етеді: ақырғы үш жылдың ішінде бизнес субъектінің қызметі қандай болды, бұзушылық болды ма. Тексерістер тарихы нашар тексерістер жағдайда ғана өткізіледі.

Үшінші топқа жоспардан тыс тексерістер ғана жатады. Олар тұтынушылар тараптан нақты заңды тұлғаға берілетін белгілі арыз фактісінің негізінде, және де дәлелдеме негіз қолда бар болса ғана жүргізіледі.

Бақылаудың төртінші категориясы қандай да бір тексерістердің жоқтығын түсіндіреді. Осы категорияға Қазақстанда тіркелген бизнес субъектілердің 60 пайызы жатады.

Қорытындылай келе, заңнамаға енгізілген өзгертулер кәсіпкерлерді жоспарлы тексерістер жойды. Осылайша, мемлекет пен бизнес арасында серіктес қарым-қатынасты орнату, «анықтау мен жазалау» саясаттан «адал кәсіпкерлікті ескеру мен мадақтау» саясатқа көшу жоспарлануда.

Жеңіс ҚАЗИЕВ,
СҚО КП құқықтық мәселелер жөніндегі директордың орынбасары.

Мектеп өмірінен

Махаббат пен шығармашылық педагогикасы

«Адам баласы өзінің жан дүниесін қайырымдылықпен қайғыны түсіне білу қасиеттерімен нығайтып, шынайы өмір сүре білуі керек».

С.А. Назарбаева.

Жақында Саумалкөл қазақ орта мектебінде өзін-өзі тану пәні бойынша «Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» тақырыбында өткен онкүндік өз мәресіне жетті.



Ең алдымен таңертеңгілік жиында онкүндіктің салтанатты ашылуы болып өтті. Бұл жиын Қаригулова Аяжанның орындауындағы әсем әнмен басталып, оқушыларға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Осы онкүндіктің әр күні шығармашылыққа толы болды.

4-11 сыныптарда ашық сабақтар мен тәрбие сағаттары өткізілді. Әсіресе 4 «Б» сыныбында Қазбекова Зейнегүл Ынтымаққызының өткізген «Өнеге-отбасынан» тақырыбындағы тренинг-сабағы тақырыпқа сай болды. Сабақ қызықты ойын түрінде басталып, балалар өз отбасылары жайында ойларын айта білді. Отбасыларына арнап өздерінің игі тілектерін жолдады.

4 «А» сыныбының мұғалімі Науанова Мырзабике Қабидоллақызы «Мейірімділік – асыл қасиет» тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Сабақ барысы тыныштық сәтінен басталып, балалар керемет әсерге бөленді. Мұғалім өз шеберлігімен балаларды қызықтыра білді. Тәрбиелік мәні зор бұл тәрбие сағаты әр балаға мейірімділік, ізгілік шуағын шашқандай әсер қалдырды.

8-сыныптармен «Абайдың адамгершілік идеялары» тақырыбында өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Жамангарина Алтынай Кенжебайқызы, физика пәнінің мұғалімі Сәдуақасова Туғанис Ақжігітовна және биология пәнінің мұғалімі Жетібәева Гүлдана Қайсарбекқызы бірлесе өткізген кіріктірілген сабақты да ерекше атап өтуге болады. Ең әуелі өзін-өзі тану пәні бойынша Абайдың 38-ші қара сөзінде айтылған адамгершілік қасиеттерге оқушылар түсінік бере отырып, «бүгінгі заман талабына сай адамгершілік қасиеттер деп немі танып жүрміз?» деген ой төңірегінде пікір таластырды. Одан әрі 17-ші қара сөзі тыңдалды. Сабақты әрі қарай физика пәнінің мұғалімі жалғастырып, Абайдың шығармаларының физика өлеміне де қатысы барын дәлелдей түсті. «Желсіз түнде жарық ай» өніне тоқталып, физикалық тұрғыда балалармен бірлесіп тәжірибе көрсетті. Сондай-ақ «Қыс» өлеңіндегі Абай суреттеген жайттарды іс жүзінде қардың сықырлауы арқылы оқушыларға көрсетіп, қызығушылықтарын арттыра түсті. Сабақтың жалғасын биология пәнінің мұғалімі биологиялық тұрғыда адамның басты мүшесі - жүрек екеніне және ағзадағы жүрек қызметіне тоқталып тәжірибе жасатты. Сабақ соңында оқушылар Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» өнін орындап, үлкен әсерге бөленді.

Онкүндіктің соңғы күні ұстаздар мен 11-сынып оқушылары арасында бір-біріне көңіл бөлу, жақсы қарым-қатынас құру мақсатында «Періште» ойынына ұласты. Барлық ұстаздар мен оқушылар бір-біріне жылы сөздерін арнап әрқайсысы қуанышқа бөленді.

Саумалкөл қазақ орта мектебінде ақындар үйірмесі жұмыс істейді. Бұл үйірмеге жетекшілік ететін – қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Дөкөтбаев Руслан Сұлтанұлы. Осы үйірмеге қатысып жүрген оқушылар бірталай. Солардың ішінде өзінің ерекше дарындылығымен, ләк жүрегімен қалам тартып жүрген 8 сынып оқушысы Жігерев Нұрсұлтанбекті атай аламыз. Осы онкүндік барысында Нұрсұлтанбек өзінің «Ізгілік» атты тырнақалды өлеңін, суреттер көрмесіне ізгілік нұрын шашушы ана ретінде Сара Алпысқызының портретін көпшілікке ұсына алды. «Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» тақырыбында өткізілген онкүндік мазмұнында да қызықты өтіп, мектеп оқушылары мен ұстаздар қауымына тың серпіліс, ерекше құлшыныс туғызғандай әсер қалдырды.

Төменде 8 сынып оқушысы Жігерев Нұрсұлтанбектің «Ізгілік» атты өлеңін ұсынып отырмын.

Ізгілік

Мен өмірді өзімше кеп түсінем,
Жақсы адамдар байқалады ісінен.
Білсең егер барлық әлем, бар өмір,
Ұсталып тұр махаббаттың күшімен.
Достым саған айтар сөзім бар тыңда,
Мейірімді бол, өмірдің әрбір шартында.
Мейірімді бол, жақсы істер жасап тұр,
Ізгілікті із қалсын деп артыңда.
Әрбір адам білу керек тәубесін,
Надандық пен жамандықты жау десін.
Өмір мәні жарқын түске боялар,
Шашып жүрсе мейірімділік сәулесін.
Мейірімділік аптасына бар дайын,
Өлеңімді сіздерге бір арнайын.
Жақсылықтар апта бойы ғана емес,
Бойымызда болу керек әрдайым.

Сая ҚАЖЫКЕНОВА,
Саумалкөл қазақ ОМ-нің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.

Байқау

ЕЛ ІШІ - ӨНЕР КЕНІШІ

*Екі жұлдыз, мектептегі өткені
Көңілімізде тұрып алды кетпеді
Ұстаз, шәкірт бірігіп ән айтқанда
Толқытты бәрімізді ол өйткені,* - дегендей Саумалкөл қазақ орта мектебінде өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Жамангарина Алтынай Кенжебайқызы, музыка пәні мұғалімі Нұрбахтинов Еркебұлан Нұрланұлының ұйымдастыруымен «Екі жұлдыз» атты ұстаз бен шәкірт жұптасып орындалаты ән байқауы өтті.



Бұл байқауға тоғыз жұп қатысты. Орындалатын әндер әр жұптың өз қалауымен болды. Бірі Туған ел, ұстаз туралы ән таңдаса, бірінің әндері махаббат, бақыт жайындағы әндер болды. Жұлдыздарға сәттілік тілеп, музыка пәнінің мұғалімі Нұрбахтинов Еркебұлан мен 11 сынып оқушысы Байман Айгүлдің тамаша әндерімен сахна ашылды. Жүргізушілер Оразалиева Лашын мен Асқар Дарханның: «Бүгінгі сайыста мектеп ұстаздары мен оқушылардың жұптасып ән айтуларын тамашалайтын боламыз және оза шапқан жарық жұлдыздарды бірге анықтаймыз» дегенде барлық отырған көрермендер елөңдесіп қалды. Ең бірінші жұп Аитеев Дәурен Келденұлы мен Балхашева Ақаршын «Ғашық арман» өнін орындады. Бұл жұптың ерекшелігі сахналық шеберліктері, фантазияларының жоғары екенін көрсете білді. Соның нәтижесінде Бас жүлдені жеңіп алды. Келесі жұп болып Есмағанбетова Асхан Ментайқызы мен 7 сынып оқушысы Төлеуов Аян ортаға шықты. Бұл жұп «Ұстазды» өнін нақышына келтіре орындады. Айтқан әндерінен өздері де, отырған

көрермендер де ерекше бір сезімге бөленіп, ұстаз бен оқушы арасындағы тамаша үйлесімділікті сезінгендей болды. Соның нәтижесінде бірінші орынға ие болды.

*Өзі Алтын, өзі Әділ өйткені,
Тамаша леп бетті келіп өпкені.
Осы жұпқа ерекше қол соғайық,
Осы шара Алтынайдікі өйткені,* - деп тамаша игі істі ұйымдастырып, барлығымызға қуаныш сыйлаған Жамангарина Алтынай Кенжебайқызы 11 сынып оқушысы Мұратов Әділмен ән шырқап, бұл

жұп та бірінші орынға ие болды. Келесі жұптар: екінші орын иегерлері Абырова Айгүл Жантемірқызы мен 10 сынып оқушысы Иманбаев Абылай, сондай-ақ Оразалина Бану Депутатқызы мен 11 сынып оқушысы Байманов Бұқар. Үшінші орын иегерлері Айтеева Аяғез Амангелдіқызы мен 7 сынып оқушысы Оразалинова Аружан және Азбергенова Әсемгүл Мұратқызы мен 8 сынып оқушылары Жахина Арна, Бабаева Алина. «Өте жарасымды жұп» номинациясы бойынша Мұханбетжан Нұрымжан Бауыржанұлы мен Күлібекова Камила, «Бірлігі жарасқан туысқан» номинациясы бойынша Адей Маржангүл мен Мұратбек Нұрмұхамет жеңіп алды. Барлық қатысқандарға әділқазылар әділ бағаларын беріп, мақтау қағаздары мен сыйлықтар табыс етілді. Келешекте осындай іс-шаралар жиі болып тұрса деген тілекпен көрермендер қоштасты. Осындай әдемі көшті ұйымдастырушыларға өмір жолдарына сәттілік, еңбектеріне табыс тілейміз.

Айсұлу НҰРБАХТИНОВА,
мектеп кітапханашысы.

Мектеп өмірінен

Мейірім нұрын шашқан апта

Қазіргі педагогика ғылыми тәрбие саласындағы басымдық міндеттерінің бірі ретінде жас ұрпақты ғасырлар бойы жинақталған халық даналығының жалпы адамзаттық құндылықтарын меңгерту негізінде тәрбиелеу қажеттілігін дәлелдеп отыр. Сондықтан да еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпаққа саналы тәрбие беруде, өмірде баланың жеке тұлға болып қалыптасуға ерекше мән берген Сара Алпысқызы игі бастамасы білім беру саласына жаңаша бетбұрыс әкелумен бірге «Бөбек» қорының игі істерінің жарасымды жалғасы болып табылады. Рудный орта мектебінде Өзін-өзі тану онкүндігі салтанатты түрде ашылды.

Мектепішілік кітапханашымен «Мейірім төгетін ана» атты көрме ұйымдастырылды. Көрмеге барлық бастауыш сынып пен орта буын оқушылары белсенді қатысты.

Кітапханашы Т.Г.Филимоненко қызықты суреттер мен слайдтар көрсетіп, оқушылар сұрақ –жауап арқылы өз ойларын ортаға сала білді. «Алтын жүрек анамыз» атты өлеңдер байқауы өтті. Оқушылар өз аналарына шығарған өлеңдерін оқыды. Сара Алпысқызының ұлағатты ұстанымдары арқылы жас ұрпақтың жүрегіндегі өмірге, ата-анасына, ең жақын адамдарына, жалпы адам атаулыға деген бауырмалдық, сүйіспеншілік, махаббат, достық секілді ізгілік қасиеттерге тәрбиелеуге үйретуде.

Жоғары сыныптар арасында дебат адамгершілік, мейірімділік құндылықтары атты сайыс өтті. 6 ақпан күні шығармашылық көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар өздері мейірімділік, бейбітшілік, достыққа арналған суреттерін, жасаған жұмыстарын

тапсырып көрме ұйымдастырды. «Өн-көңілдің ажары» фестивалі ұйымдастырылды. Өз әндерімен Назира Ағыбай, Сейтқали Нұрсұлтан көрермендерді таңғалдырды. Олар өз аналарына, туған жерге деген ән орындады. Қызықты әдеби фильмдер ұйымдастырылды. О.М.Абжанова «Құлақтан кіріп, бойды алар» атты әдебиеттік қонақ, Абай атамиздың өлеңдері, қара сөздері мен топпен жұмыс жасау арқылы өткізді. Ашық сабақтар «Жақсылық жасай білейік» 1-3 сыныпта А.А.Айтпаева өткізді. Т.П.Стецюк сабағы мейірімге толы болды.

Осыған орай өтілген іс-шаралар баланың өзінше ойлауына, шешім шығаруға өз ісіне жауапты болуға баулиды.

Ардақ АЙТПАЕВА,
Рудный ОМ-нің өзін-өзі тану мұғалімі.

Мемлекеттік қызмет көрсету

Айыртау ауданы бойынша мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері

Жалғасы. Басы 2-бетте.

Мемлекеттік қызметтерді ұсыну туралы ақпарат мемлекеттік мекемелердің ресми интернет-қорларында орналастырылған. Айыртау ауданының мемлекеттік органдарының ғимараттарында мемлекеттік қызметтер тізілімі, негізгі түсініктері, жалпы ережелері, мемлекеттік қызметті көрсету үрдісінде әрекет етудің тәртібі мен сипаттамасы көрсетілген, жаңартылған қалқандар бар. Мемлекеттік және орыс тілдерінде бланктер мен өтініштер үлгілерімен ақпараттық үстелдер жалпыға шолу үшін қол жетімді жерлерде орналасқан.

Мемлекеттік қызмет көрсетулердің үдерісін жақсарту үшін ауданымызда мемлекеттік қызмет көрсетулерді жақсарту жөніндегі шаралар жоспары әзірленген және бекітілген, ай сайын қызмет көрсетулерді ішкі бақылау жүргізіледі.

Облыс әкімі аппаратымен мемлекеттік қызметтер көрсететін қызметкерлердің біліктіліктерін жоғарлату мақсатында көшпелі семинарлар, кеңестер,

жоғарлату курстары өткізіледі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету үрдістерін оңтайландыру және автоматтандырудың нәтижелері мемлекеттік органдар және Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы баламалы негізде мемлекеттік қызмет көрсету болып табылады. Халыққа мемлекеттік қызметтерді көрсетудің сапасын жоғарылату мәселесі қазіргі уақытта мемлекеттік органдар қызметінің басты басымдылықтары болып табылады. Осы мәселені іске асыру мақсатында бөлім қызметкерлері қатысатын мемлекеттік қызметтерді көрсету аясында біліктілікті жоғарылатуға бағытталған оқу семинарлары өткізіледі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша қызмет алушылардан шағымдар түскен жоқ.

Бибінұр ТИЫШТЫҚБАЕВА,
аудан әкімі аппаратының
ұйымдастыру-бақылау жұмыстары жөніндегі
құрылымдық бөлімшесінің
бас маманы.

МЕЛБАҒДАРЛАМА

ДҮЙСЕНБІ, 23 АҚПАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Апта. Кз» 11:05 «Айтуға оңай...» 11:45 «Әпке» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Дауа» 13:15 «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 13:45 «Ақсауыт» 14:15 «Еңбек түбі - береке» 14:20 «Әли мен Ая» М/ф 14:30 «Қамбар батыр» М/ф 14:50 «БІЛГІШТЕР» М/х 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:00 «Менің Қазақстаным» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Шын жүректен!» 18:55 «ЗАҢ ЖӘНЕ БІЗ» 19:35 «Әпке» Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» Т/х 22:40 «ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ» 22:45 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «СІЗ НЕ ДЕЙСІЗ?» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Өзекжарды» 0:55 «Еңбек түбі - береке» 1:00 «Көкпар» 1:45 «Дауа» 2:15 «Шын жүректен!» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:00 "Айтұмар" 8:00 «Жаңа күн» 10:00 «Жеті күн» 11:00 «Сәтті сауда» 11:30 М/ф «Гладиаторы Рима» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Страх в твоём доме» 14:00 Т/с «Второе дыхание» 15:00 Новости 15:15 «Әр үйдің сыры басқа» 15:45 «Сәтті сауда» 16:15 М/с «Фархат» 16:45 «Моя история войны» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Бизнес сыры» 18:00 Новости 18:15 «Ду-думан» 19:00 «ТВ Бинго» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Арнайы хабар» 21:00 Новости 21:30 Т/с «Дворец Абдин» 22:15 Т/с «След» 23:00 «Церемония награждения кинопремии Оскар» 0:30 Қорытынды жаңалықтар 1:00 Новости 1:30 «Әр үйдің сыры басқа»

ЕВРАЗИЯ

6:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 7:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:10 «101 КЕҢЕС» 7:30 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:40 «П@УТИНА+» 8:35 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 9:00 Новости 9:10 Кино «ОФИЦЕРЫ» 11:00 Т/с «ВАРЕНЬКА НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 13:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 13:05 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Күнделік 13:20 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:05 «П@УТИНА+» 15:00 «112» 15:15 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:10 «ППС» Т/с 16:55 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» «КЕШ ЖАРЫҚ, ҚАЗАҚСТАН!» 18:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 18:25 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 19:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 19:45 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 20:15 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 20:35 «П@УТИНА» 21:00 «НОВОСТИ В 21:00» 21:45 Т/с «КЛЮЧИ ОТ ПРОШЛОГО» 22:45 «ЮРИЙ АНТОНОВ ПРАВО НА ОДИНОЧЕСТВО» 23:50 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Дневник 0:00 Т/с «ГЮЛЬЧАТАЙ» 1:50 «П@УТИНА» 2:10 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 2:50 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 3:35 «Контрольная закупка»

СЕЙСЕНБІ, 24 АҚПАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Қара шаңырақ» Т/х 10:50 «Айтуға оңай...» 11:35 «Әпке» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Ұлы жеңіске - 70 жыл» 12:55 «SPORT.KZ» 13:15 «Алаң» ток-шоуы 14:05 «Сыр-сұхбат» 14:35 «Қамбар батыр» М/ф 14:55 «БІЛГІШТЕР» М/х 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:00 «Жарқын бейне» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Еңбек түбі - береке» 18:15 «Ас болсын!» 19:10 «Қылмыс пен жаза» 19:35 «Әпке» Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» Т/х 22:40 «ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ» 22:45 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Өзекжарды» 0:55 «Еңбек түбі - береке» 1:00 «Сыр-сұхбат» 1:30 «Шарайна» 2:00 «Жарқын бейне» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:00 "Айтұмар" 8:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:12 Т/с «След» 11:00 Новости 11:10 «Сәтті сауда» 11:40 «Подари детям жизнь» 11:45 Т/с «Дворец Абдин» 12:35 «Спорт без границ» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Церемония награждения кинопремии Оскар» 15:00 Новости 15:15 «Әр үйдің сыры басқа» 15:45 «Сәтті сауда» 16:15 М/с «Фархат» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Экономкласс» 18:00 Новости 18:15 «Ғашық жүрек» Т/х 19:00 «Біздің үй» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Бюро расследований» 21:00 Новости 21:30 Т/с «Дворец Абдин» 22:15 Т/с «След» 23:00 «Арнайы хабар» 0:00 Қорытынды жаңалықтар 0:30 Новости 1:00 «Әр үйдің сыры басқа» 1:30 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Т/с «ВАРЕНЬКА НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 13:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 13:05 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Күнделік 13:20 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:05 «П@УТИНА+» 15:00 «112» 15:15 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:10 «ППС» Т/с 17:10 «УГАДАЙ МЕЛОДИЮ» «КЕШ ЖАРЫҚ, ҚАЗАҚСТАН!» 18:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 18:25 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 19:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 19:45 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 20:15 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 20:35 «П@УТИНА» 21:00 «НОВОСТИ В 21:00» 21:45 Т/с «КЛЮЧИ ОТ ПРОШЛОГО» 22:45

«ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 23:50 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Дневник 0:00 Т/с «ГЮЛЬЧАТАЙ» 1:50 «П@УТИНА+» 2:35 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 3:15 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД»

СӨРСЕНБІ, 25 АҚПАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Қара шаңырақ» Т/х 10:50 «Айтуға оңай...» 11:35 «Әпке» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Ұлы жеңіске - 70 жыл» 12:50 «Поэзия әлемі» 13:15 «Заң және біз» 13:55 «Еңбек түбі - береке» 14:00 «Шарайна» 14:30 «Қамбар батыр» М/ф 14:55 «БІЛГІШТЕР» М/х 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «КЕЛІН» Т/х 17:00 «Ұлт мақтанышы» Д/ф 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Қылмыс пен жаза» 18:35 «Еңбек түбі - береке» 18:40 «Мың түрлі мамандық» 19:10 «ЖУРНАЛИСТІК ЗЕРТТЕУ» 19:35 «Әпке» Т/х 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» Т/х 22:40 «ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ» 22:45 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:30 «Өзекжарды» 0:50 «Еңбек түбі - береке» 0:55 «Ұлт мақтанышы» Д/ф 1:25 «Ас болсын!» 2:10 «Поэзия әлемі» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:00 "Айтұмар" 8:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:12 Т/с «След» 11:00 Новости 11:10 «Сәтті сауда» 11:40 «Подари детям жизнь» 11:45 Т/с «Дворец Абдин» 12:35 «Спорт әлемі» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Страх в твоём доме» 14:00 Т/с «Второе дыхание» 15:00 Новости 15:15 «Әр үйдің сыры басқа» 15:45 «Сәтті сауда» 16:15 М/с «Фархат» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «100 бизнес-истории» 18:00 Новости 18:15 «Ғашық жүрек» Т/х 19:00 «Біздің үй» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 Д/с «Табиғат тартуы» 21:00 Новости 21:30 Т/с «Дворец Абдин» 22:15 Т/с «След» 23:00 «Біздің үй» 23:45 Қорытынды жаңалықтар 0:15 Новости 0:45 «Әр үйдің сыры басқа» 1:15 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Т/с «ВАРЕНЬКА НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 13:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 13:05 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Күнделік 13:20 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:05 «П@УТИНА+» 15:00 «112» 15:15 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:10 «ППС» Т/с 16:55 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» «КЕШ ЖАРЫҚ, ҚАЗАҚСТАН!» 18:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 18:25 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 19:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 19:45 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 20:15 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 20:35 «П@УТИНА» 21:00 «НОВОСТИ В 21:00» 21:45 Т/с «КЛЮЧИ ОТ ПРОШЛОГО» 22:45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 23:50 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Дневник 0:00 Т/с «ГЮЛЬЧАТАЙ» 1:50 «П@УТИНА+» 2:35 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 3:15 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД»

БЕЙСЕНБІ, 26 АҚПАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Қара шаңырақ» Т/х 10:50 «Айтуға оңай...» 11:35 «Әпке» Т/х 5-бөлім 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Ұлы жеңіске - 70 жыл» 12:50 «Агробизнес» 13:15 «Журналисттік зерттеу» 13:40 «Сіз не дейсіз?» 14:10 «Жан жылуы» 14:35 «Қамбар батыр» М/ф 14:55 «БІЛГІШТЕР» М/х 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:00 «Ұлт мақтанышы» Д/ф 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 18:40 «Поэзия әлемі» 19:05 «Еңбек түбі - береке» 19:10 «ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУ: ҰЛТТЫҚ ӨНДІРІС» 19:35 «Әпке» Т/х 6-бөлім 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «ҚАРА ШАҢЫРАҚ» Т/х 22:40 «ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ» 22:45 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Өзекжарды» 0:55 «Еңбек түбі - береке» 1:00 «Қылмыс пен жаза» 1:25 «Ұлт мақтанышы» Д/ф 1:55 «Мәлім де беймәлім Қазақстан» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:00 "Айтұмар" 8:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 Т/с «След» 11:00 Новости 11:15 «Сәтті сауда» 11:45 «Подари детям жизнь» 11:50 Т/с «Дворец Абдин» 12:40 «Экономкласс» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Страх в твоём доме» 14:00 Т/с «Второе дыхание» 15:00 Новости 15:15 «Әр үйдің сыры басқа» 15:50 «Сәтті сауда» 16:20 М/с «Фархат» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Көзқарас» 17:45 «Бизнес сыры» 18:00 Новости 18:15 «Ғашық жүрек» Т/х 19:00 «Жекпе-жек» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Энергия будущего» 21:00 Новости 21:30 Т/с «Дворец Абдин» 22:15 Т/с «След» 23:00 «Біздің үй» 23:45 Қорытынды жаңалықтар 0:15 Новости 0:45 «Әр үйдің сыры басқа» 1:15 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 Т/с «ВАРЕНЬКА НАПЕРЕКОР СУДЬБЕ» 12:00 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 13:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 13:05 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Күнделік 13:20 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:05 «П@УТИНА+» 15:00

«112» 15:15 «СУДЕБНЫЕ ИСТОРИИ» 16:10 «ППС» Т/с 16:55 «ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ» «КЕШ ЖАРЫҚ, ҚАЗАҚСТАН!» 18:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 18:25 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 19:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 19:45 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 20:15 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 20:35 «П@УТИНА» 21:00 «НОВОСТИ В 21:00» 21:45 Т/с «КЛЮЧИ ОТ ПРОШЛОГО» 22:45 «ПУСТЬ ГОВОРЯТ» 23:50 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Дневник 0:00 Т/с «ГЮЛЬЧАТАЙ» 1:50 «П@УТИНА+» 2:35 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 3:15 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД»

ЖҰМА, 27 АҚПАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 «ТАҢШОЛПАН» 10:00 «Қара шаңырақ» Т/х 10:55 «Айтуға оңай...» 11:40 «Әпке» Т/х 12:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 12:45 «Ұлы жеңіске - 70 жыл» 12:50 «Индустрияландыру: Ұлттық өндіріс» 13:10 «Көкпар» 13:55 «Жарқын бейне» 14:25 «Еңбек түбі - береке» 14:30 «Қамбар батыр» М/ф 14:35 «Қобыланды батыр» М/ф 14:50 «БІЛГІШТЕР» М/х 15:05 «ӘЙЕЛ БАҚЫТЫ» 16:10 «Келін» Т/х 17:00 «Жан жылуы» 17:25 «Еңбек түбі - береке» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «ӨЗЕКЖАРДЫ» 18:10 «МЕНИҢ ҚАЗАҚСТАНЫМ» 18:40 «Ғасырлар үні» 19:10 «ИМАН АЙНАСЫ» 19:35 «Әпке» Т/х 7-бөлім 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:05 «АЙТУҒА ОҢАЙ...» 21:50 «ШЫН ЖҮРЕКТЕН!» 22:40 «ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ - 70 ЖЫЛ» 22:45 «КЕЛІН» Т/х 23:30 «ТҮНГІ СТУДИЯДА НҰРЛАН ҚОЯНБАЕВ» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:35 «Өзекжарды» 0:55 Кино «Құлагер» 2:10 «Иман айнасы» 2:30 «Түнгі студияда Нұрлан Қоянбаев» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:00 "Айтұмар" 8:00 «Жаңа күн» 10:00 Таңғы жаңалықтар 10:15 Т/с «След» 11:00 Новости 11:15 «Сәтті сауда» 11:45 «Подари детям жизнь» 11:50 Т/с «Дворец Абдин» 12:40 «Энергия будущего» 13:00 Түскі жаңалықтар 13:15 «Страх в твоём доме» 14:00 Т/с «Второе дыхание» 15:00 Новости 15:15 «Әр үйдің сыры басқа» 15:45 «Сәтті сауда» 16:15 «Ұлт саулығы» 17:00 Кешкі жаңалықтар 17:15 «Бармысың, бауырым?» 18:00 Новости 18:15 «Ғашық жүрек» Т/х 19:00 «Орталық Хабар» 20:00 Қорытынды жаңалықтар 20:30 «Сильные духом» 21:00 Новости 21:30 Кино «Одно звено» 22:50 Кино «Жұмақта қолға түскендер» 0:50 Қорытынды жаңалықтар 1:30 Новости 2:00 «Әр үйдің сыры басқа» 2:30 Жаңалықтар

ЕВРАЗИЯ

6:00 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 6:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 7:00 «ДОБРОЕ УТРО» 11:00 «МОДНЫЙ ПРИГОВОР» 12:05 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 13:00 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 13:05 «ЖҰМА УАҒЫЗЫ» 13:20 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 14:05 «П@УТИНА+» 15:00 «112» 15:15 «ППС» Т/с 16:50 «ЖДИ МЕНЯ» КАЗАХСТАН «КЕШ ЖАРЫҚ, ҚАЗАҚСТАН!» 18:00 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 18:25 «Сүйген жар» ҮНДІ Т/Х 19:25 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 19:45 «Джодха және Акбар» ҮНДІ Т/Х 20:15 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР» 20:35 «П@УТИНА» 21:00 «НОВОСТИ В 21:00» 21:45 «ПОЛЕ ЧУДЕС» 22:50 «ТАНЦУЙ!» 1:20 «ЧЕЛОВЕК И ЗАКОН» 2:15 «ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС №» 2:40 «П@УТИНА+» 3:25 «АШЫҒЫН АЙТҚАНДА» 4:10 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД»

СЕНБІ, 28 АҚПАН ҚАЗАҚСТАН

7:00 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт 8:40 «АГРОБИЗНЕС» 9:00 «СЕНБІЛІК ТАҢ» 10:05 «Дауа» 10:40 «Ас болсын!» 11:25 «Қазақстан дауысы: бірінші маусым» 13:00 «ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІ» 13:30 «Телқоңыр» 14:15 «Хстаз» Т/х 16:10 Кино «Байкерлер» 17:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 17:50 «Байкерлер» 18:55 «Дала дауысы» 20:30 ЖАҢАЛЫҚТАР 21:00 «Ұлттық шоу» 22:30 «ЖАЙДАРМАН» «Маусымашар-2015» 0:00 ЖАҢАЛЫҚТАР 0:30 Кино «Шерлок» 2:00 «Ғасырлар үні» 2:30 «Дауа» 3:00 ЖАҢАЛЫҚТАР

ХАБАР

7:00 "Қалжың қоржыны» 8:30 «Жабайы футбол жаналғыштары» М/с 9:00 «Бармысың, бауырым?» 9:45 «Продвопрос» 10:00 «Спорт без границ» 10:25 М/ф «Виртуальная битва: атака роботов» 12:05 Т/с «Синбад» 13:35 М/ф «Эскимос» 13:45 «Орталық Хабар» 14:45 «Жұлдызды дода» 16:15 «Махаббатым - өнім» атты өн кеші 17:30 «Тур де Хабар» 18:00 Бокс Всемирная серия бокса «Астана Арланс» - «Миланский гром» 20:05 «Бенефис-шоу» 21:00 «Жеті күн» 22:00 Кино «Дорогой Джон» 23:40 Кино «Ажырасу» 1:30 «Тентек періште» Т/х

ЕВРАЗИЯ

6:00 Т/с «ИГРЫ РАЗУМА» 7:30 «ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС №» 8:00 «ТАҒЫ ПОШТА» 8:30 «П@УТИНА» 8:50 ЖАҢАЛЫҚТАР СУБТИТРЛЕРМЕН 9:00 Новости 9:10 «СМАК» 9:45 Кино «ПОЛЦАРСТВА ЗА ЛЮБОВЬ» 11:35 «ФАБРИКА ГРЕЗ» 12:05 «ДУ ҚОЛ ШОКОЛАД» 13:00 «101 КЕҢЕС» 13:25 «КАРАОКЕ ТАКСИ» 14:00 «П@УТИНА+» 14:55 «КТО ХОЧЕТ СТАТЬ МИЛЛИОНЕРОМ?» 16:05 Кино «ПОКА ЖИВУ, ЛЮБЛЮ» 20:00 «ЛУЧШИЙ ГОРОД.КЗ» Второй сезон 21:00 «НОВОСТИ В СУББОТУ» 21:30 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 21:50 «ТІЛШІ ТҮЙІНІ» 22:15 «СЕНБІЛІК ЖАҢАЛЫҚТАР» 22:35 «КЕШКІ КЕЗДЕСУ» 23:55 Т/с «СЛЕДСТВЕННЫЙ КОМИТЕТ» «КОЛОБАШКИ»

Өз дініне берік бол!

Республикалық имамдар форумы

Бүгін ақпанның 19-ы күні Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдасдыруымен Астана қаласында тұңғыш рет І республикалық имамдар форумы басталды.



Осы орайда 16 ақпан күні «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының ғимаратында аудандық Қайрош ата мешітінің бас имамы Сағынай қажы Рахымжанмен кездесу болып өтті. Кездесуге ауылдардың моллалары, мекеме мен ұйымдардың қызметкерлері мен жастар қатысты. Кездесуде ауданның бас имамы республикалық имамдар форумында Діни басқарманың 2020 жылға дейінгі қызметін дамыту Тұжырымдамасының талқыланатынын және аталмыш Тұжырымдамада айтылған келелі мәселелерге түсінік берді.

Кездесу соңында Сағынай қажы Рахымжанға жолығып, аталмыш форум жөнінде сұхбаттасқан едік.

- Сағынай қажы, биылғы жылдың ақпан айының 19-ы күні Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы алғаш рет «Ислам - бейбітшілік пен келісім діні» атты имамдар форумын өткізуді жоспарлап отыр. Бұған біздің өңірден де арнайы делегация баратын шығар?

- Әрине, форумға біздің облысымыздан барлық аудандардың бас имамдары, орталық мешіттің найб имамдары бармақшы. Мұнда «Діни басқарманың 2020 жылға дейінгі қызметін дамыту Тұжырымдамасы», «Қазақстан мұсылмандарының Тұғырнамасы», «ҚМДБ қызметкерлерінің этикасы», «Имамның тұлғалық келбеті» және «Шынайы мұсылманның тұлғалық бейнесі» құжаттары таныстырылады.

- Бұл құжаттардың маңыздылығы туралы не айтасыз?

- Исламның рухани-имандылық және адамгершілік қасиеттерін насихаттау, діни-ағартушылық, қайырымдылық жұмыстарды сапалы, тұрақты және тиімді жүргізу, сондай -ақ дін қызметкерлерін жалпы халық пен мешіт жамағатына сапалы қызмет көрсете алатын деңгейге көтеріп, олардың құрмет пен беделін арттыру қажеттігі заман талабынан туындап отыр. Сондай ақ, құжатта мамандар дайындау, білім беру жүйесін жақсарту, кадрлық діни ауқалды тұрақтандыру және дәстүрлі дінімізді кеңінен насихаттауға бағыт бағдар берілген. Тұжырымдама халқымыздың басым көпшілігі ұстанатын ханафилік ілімге сүйенген мұсылмандық сенімнің нығаюын қазіргі қоғам дамуымен үйлестіре отырып, 2020 жылға дейінгі кезеңін реттеп, ислам дінін насихаттайды. Ал «Иманның тұлғалық келбеті» құжатында, аты айтып тұрғандай жауапкершілігі мол қызметті атқарып отырған адамға қойылатын талап-міндеттер жазылған.

- Сұхбатыңызға көп рахмет!

Сұхбаттасқан Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суретті түсірген автор.

Акция

НҰР ҮСТІНЕ НҰР БОЛАР ЕДІ

Қазақ - «Жесірін жылатпай, жетімін қаңғыртпаған» халық. Ел болып етегімізді жиғаннан бері де жан жылуына зәру қандастарымыз бен қарлығаштарымызға Елбасынан бастап барша азаматтар барынша демеушілік жасауда. Түрлі акциялар ұйымдастырылып оң нәтижелер көрсетуде. Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың оқушылардың мектепке толық баруын қамтамасыз ету туралы тапсырмасын орындау мақсатында 2015 жылдың 15 қаңтар мен 15 ақпан аралығында республика көлемінде «Қамқорлық» акциясы ұйымдастырылды.

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	19/02 БС	20/02 ЖМ	21/02 СН	22/02 ЖК	23/02 ДС	24/02 СС	25/02 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	-11 -22	-7 -14	-10 -15	-6 -10	-3 -12	-4 -10	-4 -9
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		743	736	734	734	745	745	744
Желдің бағыты		О	О	О-Б	О-Б	О-Б	О-Б	О-Б
Желдің шапшаңдығы		4	5	6	4	1	3	3

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Мектепке дейінгі білім беру

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ адамгершілікке, табиғатты қорғауға тәрбиелеу

Бүгінгі таңда бүкіл адамзаттың алдында тұрған өмірлік маңызы бар ауқымды мәселелердің ішінде, табиғатты қорғау мен табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселесіне ерекше көңіл бөлінуде. Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, күннен-күнге туындап отырған экологиялық мәселелер мен олардың шешімін іздестіру өзінің көкейкестілігін дәлелдеуде. Ал бұл болса үздіксіз білім беру процесінде (отбасы → балабақша → бастауыш мектеп) балалардың экологиялық тәрбиелілігін дамыту қажеттілігін күн санап арттыра түседі, өйткені қоршаған орта мен адамның денсаулығын сақтау маңызды құндылықтың бірі болып табылады.

Отбасынан балабақшаға алғаш келген балаларға «Бүлдіршіндерге экологиялық тәрбие беру» (авторы А.Е.Манкеш) оқулығы бойынша жасалған қосымшаны меңгерту арқылы балабақша балаларының отбасынан алған тәрбиесін жетілдіріліп, қоршаған ортаны танып-білуге, табиғатты сүюге деген қызығушылықтары қалыптастырылады.

Біздің «Колосок» балабақшасында жалпы мектепке дейінгі ұйымдарда экологиялық тәрбие беру жұмысына үлкен мән берілуде.

Сондықтан да менің алдыма қойған мәселем «Экологиялық білім беру арқылы балаларды адамгершілікке, табиғатты қорғауға тәрбиелеу» - деп аталады. Балаларды адамгершілікке тәрбиелеуді табиғатты сүйіп қорғауды күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде, серуен кезеңдерінде, қызықты саяхаттарда жүзеге асырылады. Ал, біздің тобымызда тірі табиғаттың кішкентай бейнелі көрінісін елестете



те аламыз. Онда аквариумдағы балықтар, өсіп тұрған бөлме өсімдіктерін және тәжірибе жасауға арналған заттар, су құйғыштар, үлкейткіш шынылар бар. Жыл мезгілдеріне арналған өлең-тақпақтар табиғатқа байланысты суреттер бар. Табиғат материалдарын бүршік, құм, көмір, жер, үлкен - кіші тастарды поезд тіркеулерінің әкеле жатқан бейнесі, балаларға өзгеше әсерін тигізіп қызықтыра бастайды. Табиғат бұрышында өсірілген пияз, суда тұрған өсімдік өскінін, әдемі макеттерде отырғызылған тұқым өскіндерін, балалар тамашалап күнделікті бақылап білімдерін дамытады. Қазіргі кезде ата-аналарда баланың тәрбиесіне үлкен жауапкершілікпен қарап бізбен бірге өз үлестерін қосуда, мысалы:

Зертхананы құрал жабдықтармен қамтамасыз етті, бөлме гүлдерін сыйға тартып, әр түрлі халаттар тігіп бет перделер жасап берді.

Табиғатты үнемі бақылау, жаңа инновациялық технологияларды қолдану, алдымызға мақсат қойып зерттеу, сын тұрғысынан ойлау, тәжірибе жасау, ойын технологиясын қолдану, көркем шығармалар оқу балалардың табиғатқа деген ынтасын арттырып қуанышқа бөлейді. Табиғатқа үлкен құрметпен, зор ілтипатпен қарау, оны көздің қарашығындай сақтау, ұрпаққа ұлағатты терең ойлар арқылы жеткізу әрбір тәрбиешінің міндеті деп білемін.

Раушан ҚОШҚАРБАЕВА,
«Колосок» балабақшасының тәрбиешісі.

Жаныңда жүр жақсы адам

БАСТЫ ҚАСИЕТІ - АДАМГЕРШІЛІК



Аты құлаққа жат естілетін түзеу мекемесінде қызмет ету оңай емес, әсіресе әйелдер қауымы үшін. Бірақ осы қиындықтарды жеңе біліп, сотталғандардың да, түзеу мекемесі ұжымының да құрметіне бөленген нәзік жандар қаншама.

Солтүстік Қазақстан облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің «ЕС-164/8 мекемесі» республикалық мемлекеттік мекемесінде қызметкерлердің дені әйелдер. Олар өздерінің іскерлігін, білімі мен біліктілігін отбасында

ғана емес, қоғамға қызмет ету арқылы да көрсете білген. Қызметте тындырымды, табанды болу, әріптестерімен тіл табыса білу де өнер. Ұжым арасында сыйлы болу әр адамның атқарған жұмысына, оның нәтижесіне, өзгелермен қарым-қатынасына тікелей байланысты.

Күнделікті қызметі аса қарқынды әр уақытта жинақтылық пен шапшаңдықты қажет ететін жауапты жұмыс атқарып жүрген мекеме бас бухгалтерінің міндетін атқарушы Алтын Қорғанқызы Шаяхметованың бойынан осы қасиеттерді көріп қуанамыз. ЕС-164/8 мекемесінде еңбек жолын 1992 жылдан бастаған ол үнемі жас мамандармен бөлісіп, оларға дұрыс бағыт көрсете білген жан. Осы жылдарда жинақтаған мол тәжірибесін кейінгі есіп келе жатқан жастармен бөлісуге ешқашан аянып қалған емес.

Оның бойында құдай берген дарын бар. Ол - есте сақтау қабілетінің жоғарылығы. Бұл қасиет есеп-қисап саласында ауадай қажет. Кішіге қамқор, әр уақытта қайырымдылық жасауға дайын тұрады, өз ісіне аса жоғары жауапкершілікпен қарайды.

Жүзінен үнемі жылылық есіп тұратын Алтын Қорғанқызының бауырмалдығы, ашық жарқын-

дылығы, шыншылдығы кімді болмасын баурап алары рас. Саналы өмірінің сан қырлы тарауын құқық қорғау саласына арнаған ол отбасында адал жар, аяулы ана.

Бүгінде отағасы Орал Сансызбайұлымен бірге шаңырақ көтергендеріне 30 жыл толған отбасында бір ұл мен бір қыз тәрбиелеп отыр.

Түйіндей айтқанда отбасының ұйытқысы, берекесі Алтын Қорғанқызының өмірі жас буын мамандарға үлгі өнеге.

Мекеме ұжымы Алтын Қорғанқызын тәжірибелі қызметкер ретінде бағалап, не нәрсені болса да тура айтатын әділ мінезі үшін сыйлайды.

Жібек АХМЕТОВА,
ЕС-164/8 мекемесінің аудармашысы.

Қамсақты ауылдық округі әкімінің азаматтарды қабылдау кестесі

«Қамсақты ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің әкімі **Беркімбай Жақсылық Әбдірұлы** әр аптаның дүйсенбі күндері сағат 15.00-

ден 17.00-ге дейін мына мекен-жайда: Карасевка ауылы, Мира көшесі, 13 үйде азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдайды.

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Қамсақты ауылдық округі әкімі аппаратының мемлекеттік қызметкерлері мен лауазымды тұлғалардың тарапынан жіберілген құқық бұзушылықтарды, Ар-намыс кодексі талаптарын сақтамаулары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы

заңнамаларды бұзу фактілерін хабарлай аласыз-дар.

«Қамсақты ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінде **25-322 сенім телефоны** қызмет етеді.

Құттықтаймыз!



Ауданымыздың Сарысай ауылының тумасы, қазіргі кезде Көкшетау қаласының тұрғыны, ардагер ұстаз **Іргебаев Темір Іргебайұлы** ақпанның 22-і күні айтұлы 80 жасқа толу мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Туған күн иесін мерейлі жасымен құттықтап, мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр, баянды бақыт тілейміз! Жаныңыз жабырқамай, көңіліңіз ортаймай, шырайлы жүзіңізден нұр төгіліп, Мүржиян апай екеуіңіз балалар мен немере-шөберелердің, ағайын-туғанның ортасында мерейлеріңіз үстем болып жүре

беріңіздер! Уайым-қайғы көрмей, тек өмірдің шаттық қуанышына бөленіңіз дей отыра, мына жыр жолдарын арнаймыз:

**Құтты болсын, 80 деген жасыңыз,
Тоқсанның да толқынынан асыңыз!
Қуат алып, денсаулықтың нәрінен,
Жүзіп өтіп жүзге аяқ басыңыз!**

Ізгі тілекпен: **Айыртау аудандық «Айыртау таңы» газетінің ұжымы.**

**Ұстаздар – тыншымайтын еңбеккерлер,
Жемісті жерге екпеген, елге екендер.
Адамзат ұрпақтарын тәрбиелеп,
Зердесін болашақтың зерге еткендер,** - деп ақпанның 23

жұлдызында Егіндіағаш негізгі мектебінде 40 жыл талмай еңбек етіп, елдің қадірлісі, кішінің қамқоршысы бола білген, Ел ертеңі болып табылатын ұландардың бойына білім мен өнерді, адамгершілік пен адалдықты, рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіріп, бір қолмен әлемді, бір қолмен бесікті тербете білген жан **Раушан Қарипенқызы** әріптесіміздің туған күні.

Мектеп ұжымы атынан Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, ғұмыр жолыңыз ұзақ, балаларыңыздың, туған-туыстарыңыздың, немерелеріңіздің арасында тек қызыққа көнеліп жүріңіз демекпіз.

Шәкірттерді білім нәрімен сусындатып, талмай еңбек етіп, сол еңбегіңіздің жемісін көріңіз. Ұстаз болу – адам бойындағы ұлы қасиеттердің бірі. Ендеше, осынау үлкен ұғымдағы ұстаздық қасиетке барынша адалдық танытып, бар саналы ғұмырын осы салаға арнаған ұстазға қандай мақтау, мадақ айтсақ та артықтық етпейді, -деп мектеп ұжымы атынан туған күніңізбен құттықтаймыз!

Ізгі тілекпен: **Егіндіағаш негізгі мектебінің ұжымы.**

Қоғам және заң

Сыбайлас жемқорлықпен күрес

Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке ие болғалы Отанымызда жемқорлықты қауіпті құбылыс деп санайды. Сыбайлас жемқорлықтың түрлері көп: парақорлық, қамқорлық жасау, мемлекет және қоғамдық және тағы басқа істерге қатысты жеке мүдделілік түрлері.

1998 жылдың 2 шілдесінде қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңы мемлекеттік органдарының тіршілік әрекетіне қатысты маңызды сұрақтар мен демократиялық жариялылық бастапқыларын кеңейту және мемлекетті басқару бақылауына қатысты сұрақтарын қозғайтын құқықтық акт.

Сыбайлас жемқорлықпен байланысты құқық бұзушылық әділетсіздік пен қоғамдық тәртіптің бұзуын тудырады және экономика мен қоғамның дамуына жағымсыз ықпал етеді.

Қортындылай келе «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңның қолданылуы уақытынан бастап мемлекеттік органдарда көптеген лауазымдық тұлғалар сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтарына байланысты әр – түрлі жауапкершілікке тартылды.

Манат ҚАБАШЕВ,
Айыртау ауданының №2 ҚАИ аға инспекторы,
әділет аға лейтенанты.

САТАМЫН

4 бөлмелі үй сатамын. М.Янко көшесі, 17 үй.
Тел. 27-586, 87751505413.

1995 жылы шығарылған «Митцубиси Спейс-Рюнер» автокөлігінің сатамын. Көлемі 1,8. Бағасы - 1 200 000 теңге.
Тел. 21-570.

Новоукраинка ауылында қосалқы құрылыстарымен және жиналысмен бірге үй сатамын. Бағасы келісімді.
Тел. 29-138, 87779217362, 87023637372.

(2-1)

Меншік иесі және басып шығарушысы
«Айыртау-Информ» ЖШС-і.
Газет аудан әкімінің, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
басып шығарылады және мемлекеттік
ақпараттық саясатты жүргізуде ресми
басылым болып табылады.

Директор, баспаның бас редакторы
Ирина БУРКОВСКАЯ
Шеф-редактор
Бағлан ҚОЖАҚОВ

Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы,
Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл пошта:airtau_tany@mail.ru

Тілші-терүші:
Барқыт КОКЕНОВА
Басушы-терүші:
Елена НЕСВЕТЕЕВА

Индексі 65844. Таралымы 1430, № 154 тапсырыс
Қазақстан Республикасының
Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық
келісім Министірлігінде
30.05. 2008 жылы есепке қойылған.
Есепке қою № 9246-Г.
Газет бейсенбі күні шығады.

Газетте жарық көрген
оқырман пікірлері редакцияның
көзқарасын білдірмейді,
жарияланбаған материалға жауап
берілмейді.

Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.